

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КеАҚ

Басқарма төрағасы - ректор

А.М.Наметов

«02» 09 2024 ж.



«СҰҢҚАР» СПОРТ КЛУБЫНЫҢ

ЕРЕЖЕСІ

СМЖ. 07.БЕ.13

№ 06 Басылым

№ дана

Дайындаған: 28.08.2024 м. Р.М.Турдалиев <u>[Signature]</u>	Келісілді: 29.08.2024 м. А.У.Султанов <u>[Signature]</u> М.Ж.Алмагамбетова <u>[Signature]</u> Е.К.Таскалиев <u>[Signature]</u> Е.Б.Ихсанов <u>[Signature]</u>	Енгізілді: 03.09.2024 м. СМЖ.07.БЕ.13 01.09.2021 Қайта қаралуы: 03.09.2024 м.
---	---	---

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмері	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Жалпы ережелер

1.1. Спорт клуб(СК) – бұл спортпен және дене белсенділігімен айналысуға қызығушылық танытатын адамдарды біріктіретін ұйым. Спорт клубта жаттығулар, жарыстар, шеберлік сабақтары және спорттық дағдыларды дамыту мен дене шынықтыруды қолдауға бағытталған басқа да іс-шаралар өткізіледі. Клуб мүшелері жаттықтырушыларға, спорттық жабдықтарға және олардың жаттығулары мен жарыстарына ықпал ететін басқа да ресурстарға қол жеткізе алады.

1.2. СК – Басқарма төрағасы-ректордың орынбасары, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректорына бағынады.

1.3. СК – Басқарма төрағасы - ректор бұйрығымен құрылады және жойылады.

1.4. СК өз ісін: Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Дене тәрбиесі және спорт туралы" заңдарына, іс-әрекеттің стратегиялық бағдарламасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан-2050" стратегиясына, Университет жарғысына, Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімдеріне, ректор бұйрығына, ИСО стандартына, менеджмент жүйесінің ішкі құжаттары және осы ережеге сай жүргізіледі.

2 Құрылымы мен штаты

2.1. СК құрылымы және штаты ректор бұйрығымен бекітілген.

2.2. Штат құрамы .

Директор - 1 бірлік.

Жаттықтырушы – 12 бірлік.

Медициналық қамтамасыздандыру бойынша жетекші маман – 1 бірлік.

Техник – 3 бірлік.

3 Мақсаты мен негізгі міндеттері

3.1. СК жұмысының мақсаты - дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғаны қалыптастыру.

3.2. Негізгі міндеттері:

3.2.1. Профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар, қызметкерлерді дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға тарту.

3.2.2. ЖОО ұжымының барлық мүшелерін дене тәрбиесі мен адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеу, денсаулықты шынықтыру және салауатты өмір салтын қалыптастыру, кәсіби дайындық деңгейін және әлеуметтік белсенділікті арттыру .

3.2.3. Көпшілік сауықтыру, дене тәрбиесі мен спорттық шараларды ұйымдастыру және өткізу.

3.2.4. Әр түрлі спорт түрлері бойынша спорттық қоғамдастықтар, клубтар, секциялар және командалар құру.

3.2.5. Дене тәрбиесі және спортты дамыту, салауатты өмір салтын ұстану, ұлттық спорт ойындарын насихаттау, ЖОО спортшыларын көпшілік қоғамдық-саяси шараларға қатынасуын қамтамасыз ету.

4 Қызметтері

4.1. Дене тәрбиесі және спортты студенттердің, профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлердің жұмыстары мен оқуларына, күнделікті өміріне, демалысына енгізу. Салауатты өмір салтын насихаттау - жеке және қоғамдық гигиеналық білімдері мен дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, алғашқы көмек көрсетуге, зиянды қылықтардан арылуға бағыттап көмектеседі.

4.1.1. Қалыптасқан дәстүрлерге, мамандардың дайындық бағытына, ұжым мүшелерінің көзқарастарына сәйкес дене тәрбиесі және спорт түрлерімен айналысуын, ұйымдастырушылық-әдістемелік шарттарды қалыптастыруын, дене тәрбиесінің жаңа формалары мен әдістерін енгізеді, материалдық базаны жаңаша және тиімді қолдануын қамтамасыз етеді.

4.2. Дене шынықтыру, сауықтыру және спорттық жұмыстарда қоғамдық бастамаларды жаппай дамыту, біліктілігін арттыру және қоғамдық дене тәрбиесі мамандарының практикалық жұмыстарында қолдау көрсетеді (дене шынықтыру ұйымдастырушыларын, спорттық төрешілерді, қоғамдық бапкерлер мен инструкторларды).

4.3. Спортқа қызығушылықтары бойынша спорттық секцияларда, топтарда, құрама командаларда, клубтарда оқыту-баптау процесін ұйымдастырып өткізеді.

4.4. Сауықтыру, дене тәрбиесі және спорттық шаралардың күнтізбелік жоспарын құрастырып, оларды жүзеге асырады және олардың орындалу қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

4.5. ЖОО-ның спорт түрлері бойынша құрама командаларын құрады және олардың спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді.

4.6. Спорттық құралдардың, құрылғылардың, қала сыртындағы спорттық лагерлердің, демалыс орындарының материалдық-техникалық базасының жаңаша және тиімді қолданылуын қамтамасыз етеді.

4.7. Оқу топтарының, институттардың, курстардың және университеттің басқа да бөлімдерінің арасындағы спорттық-сауықтыру жарыстарын ұйымдастырады, дене тәрбиесі қозғалысында өзіндік жұмыс пен өзін-өзі басқарудың дамуына себеп болады.

4.8. Дене тәрбиесі, сауықтыру және спорттық жұмыстардың дамуының ағымдық және болашақ жоспарларын құрады, ЖОО-ның әлеуметтік дамуының кешендік жоспары үшін дене тәрбиесі мен спорттың дамуы бойынша ұсыныстар дайындайды.

5. Құқықтары

5.1. СК-тың өкілеттілігі оның лауазымдық нұсқауымен анықталатын басқарушымен жүзеге асады.

5.2. СК мынаған құқылы:

5.2.1. Барлық бөлімдерден жұмысқа қажетті мәліметтер мен құжаттарды талап ету мен алуға;

5.2.2. Сауықтыру және спорттық шараларды өткізуге;

5.2.3. Спорт түрлері бойынша жаппай спорттық ойындарды тағайындауға;

5.2.4. Оқу, еңбек жұмысына дене тәрбиесі және спорттық жетілдіру топтарын енгізуді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды университеттік ғылыми кеңесіне, ректордың қарауына шығаруға;

5.2.5. Жаппай спорттық шараларда белсенді қатысқаны үшін студенттер мен қызметкерлерді қолдау жөнінде ұсыныстар жасауға құқылы.

6. Жұмысты ұйымдастыруы

6.1. СК жұмысын осы Ережеге сәйкес дене тәрбиесі және спортты дамытуды жүзеге асыру саясатын университеттің жылдық жоспары, бөлімнің оқу жылына жұмыс жоспары негізінде жүргізеді, спорт клуб отырыстарында өз жұмысы жайлы есеп береді.

6.2. Қызметкерлер мен жаттықтырушылар арасындағы міндеттер олардың бірін-бірі алмастыруы есебімен лауазымдық нұсқауға сәйкес бөлінеді.

6.3. СК құжаттарды бекітілген іс номенклатурасына сәйкес жүргізеді.

6.4. СК жұмыс барысында барлық қажетті ресурстармен (орын, жиһаз т.б.) қамтамасыз етіледі.

7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы

7.1. Спорт және дене тәрбиесін дамытуды жақсарту мақсатымен СК университеттің басқа бөлімдерімен бірлесе әрекет етеді.

8 Жауапкершілігі

Бөлімнің қызметкерлері жауапты:

8.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңында анықталған, лауазымдық нұсқауда қарастырылған шегінде өзінің қызметтік міндеттерін орындамағаны үшін;

8.2. Қазақстан Республикасының әкімшілік қылмыстық және азаматтық заңдарында қарастырылған, лауазымдық нұсқауда анықталған өз жұмысын атқару барысында жасаған олқылықтары үшін;

8.3. Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық, азаматтық заңдарда анықталған материалдық зиян келтіргені үшін жауапты.

9. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319-III;

ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңы 1шілде 2024 ж. № 103-VIII;

ҚР «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы 11 шілде 1997 ж. № 151.;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18 қараша 2015 ж. №410- V;

ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы 3 шілде 2014 ж. № 228 V

ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ РМК Жарғысы;

Университеттің ішкі тәртіп ережесі СМЖ.07.ҚЕ.07;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар;

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.